

Қазақстан Республикасының Ғылым және Жоғары білім министрлігі




**НҰР-МУБАРАК ЕГИПЕТ ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ**
2022-2026 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары

Алматы, 2022 ж.

«БЕКІТЕМІН»

Нұр-Мұбарак Египет ислам
мәдениеті университетінің ректоры
Мухаммад аш-Шаххат ал-Жинди



2022 жылы 14 сәуір

Ғылыми кеңестің №9 хаттамасы

2023 жылы 28 наурыз

Ғылыми кеңестің №8 хаттамасымен

Өзгерістер еңгізілді

2022–2026 жылдарға арналған
стратегиялық даму жоспары

МАЗМҰНЫ

1. БҮГІНГІ УНИВЕРСИТЕТ	4
1.1. Университет құндылықтары, миссиямы және тұжырымдамасы	4
1.2. Университеттің 2022-2026 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары паспорты.	4-5
1.3. Университеттің алғашқы жетістіктері	5-8
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР	9
2.1. Стратегияның мақсаттары мен міндеттері	9
2.2. Университет көрінісі мен стратегиялық мақсаттары	9-12
3. БОЛАШАҚ УНИВЕРСИТЕТ	13
3.1. Қойылған мақсаттарға жету жолдары	13-14
3.2. Стратегияны іске асырудан күтілетін нәтижелері	14
4 . СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ ИНДИКАТОРЛАРЫ	15-18

1. БҮГІНГІ УНИВЕРСИТЕТ

1.1. Университет құндылықтары, миссиясы және тұжырымдамасы

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің профессор-оқытушылар құрамы, қызметкерлері мен студенттері біздің ұжымның әрбір мүшесінің дамуына жағдай жасайтын төмендегі құндылықтармен бөліседі: **кәсібилік, жауапкершілік, адалдық, тартымдылық, студентоцентризм, прогреске ұмтылу.**

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің миссиясы – біліктілігі жоғары, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау, гуманитарлық және педагогикалық бағыттардағы білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру, қоғамның ғылыми және діни-рухани әлеуетін көтеру.

Аталмыш миссия негізінде келесідей ұстанымдар негізінде университет тұжырымдамасы қалыптасты:

1. Қазақстан және әлем деңгейіндегі мамандарды тарта отырып, инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлеу негізінде оқу процесінің мазмұнын және ұйымдастырылуын жаңарту;

2. Инклюзивті білім берумен қатар өзіндік, ерекше оқыту әдістерін дамыту;

3. Профессорлық-педагогикалық құрамның біліктілігін үнемі арттырып отыру;

4. Академиялық адалдық пен ашықтық ережелерінің жиынтығын сақтау;

5. Қазіргі заманғы менеджмент деңгейінде білім беру үдерісінің сапасын бақылау;

6. Шетелдік студенттер контингентін арттыру;

7. Білім берудің консорциум, кластерлерін құру арқылы профессорлық-оқытушылық құрамның ғылыми-зерттеу қызметін ынталандырып, жас ғалымдарды тарту негізінде ғылыми зерттеу процесін дамыту.

8. Шетел әдебиеті мен оқытушылар құрамының баспа қызметін интеграциялау арқылы ұлттық білім қорын байыту;

9. Халықаралық қатынастарды кеңейту және шетелдік стратегиялық серіктестермен тәжірибе алмасу;

10. Университет қалашығын заманауи материалдық-техникалық инфрақұрылымдар негізінде құру.

1.2. Университеттің 2022-2026 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары паспорты.

Бағдарламаның атауы	Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің 2022-2026 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары
Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздеме	Университет ректорының 2021-2022 оқу жылы, 25/03/2022 күнгі №66 бұйрығы
Бағдарламаны әзірлеуші	Стратегиялық даму жоспарын әзірлеуші жұмыс тобы.
Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері	1. Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті жаңа жетістікерге жету мақсатында дамуын жалғастырады. Соның ішінде 2026 жылға қарай студенттер санын 3000-ға жеткізуді көздейді. Бұл іс жолға қойылып талапкерлерді университетімізге тартуда жемісті жұмыс атқарылуда.

	<p>2. Қолдағы бар стратегиялық жоспардың аяқталуынан бұрын бұл құжатты әзірлеудегі басты мақсат - әлемдік деңгейдегі мықты жоғары оқу орнын құру және осы күнге дейін қалыптасу мен даму жолында жинақталған тәжірибені молайту арқылы Еуразия кеңістігіндегі жетекші ислами жоғары оқу орындары арасында мойындалу.</p> <p>3. Студенттердің қабілеттерін дамыту мен шығармашылық мүмкіндіктерін жүзеге асыруын қолдау үшін оқыту мен іргелі және қолданбалы зерттеулерді байланысын арттырамыз және әрмен қарай үзілместен жүзеге асуы үшін коммерциялизациялауды қолға аламыз. Бұл айтылған трансформация болашақта университеттің көрінісін сомдайтын қалыптастырушы негізгі мән-мағынаға айналады.</p>
Бағдарламаны іске асыру мерзімі мен кезеңдері	Бағдарламаны іске асыру мерзімі 2022-2026 жылдар аралығын қамтиды және іске асыру кезеңдері 4 бөлімде көрсетілген.
Қаржыландыру көздері	<ul style="list-style-type: none"> - бюджеттік қаржыландыру; - бюджеттен тыс қаражаттар / жеке қаржы көздері; - университет өзі генерациялайтын кіріс

1-кесте. Университеттің 2022-2026 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары паспорты.

1.4. Университеттің алғашқы жетістіктері.

ЕИМУ Нұр-Мұбарак оқытушы-профессорлар құрамы соңғы 5 жылда: 60 монография мен 48 оқулық және оқу-әдістемелік құрал шығарды және ҚР БҒМ КОКСОН ұсынған ғылыми басылымдарда 272 мақала жарық көрді.

Clarivate Analytics компаниясының Scopus, Web of Science Core Collection, Science Citation Index Expanded, Social Sciences Citation Index, деректер базаларына кіретін ғылыми журналдарға 55 ғылыми мақала жарияланып, 256 конференция мақалалары жарық көрді.

9 адамға ғылым саласы бойынша мемлекеттік сыйлық және жеке ғылыми сыйлықақы берілді, сондай-ақ, 19 авторлық құқық және 15 патент алды.

Институционалдық жетістіктер

2022 жылғы өткізілген жоғары оқу орындарына сұраныс ұлттық рейтингінде Қазақстан Республикасындағы 89 жоғары оқу орны арасында Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті 18-шы орынға ие болды.


«Өнер және гуманитарлық ғылымдар» институционалдық рейтингінде:

- бакалавриат білім беру бағдарламалары бойынша - 9 орын;
- докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша - 5 орын иеленді.

Білім беру бағдарламаларының топтары бойынша:

- В033 Дін және теология (исламтану, дінтану) - 2 орын (1971 балл);

- M052 исламтану - 1 орын (537 балл);
- D052 исламтану - 1 орын (1608 балл) жинады.



1-сурет. Рейтинг.

Жұмыспен қамту

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің студенттері оқуларын жалғастырса да немесе еңбек нарығына шықса да өз жетістіктерімен паш етуде.

Бакалавриат студенттерінің жұмыспен қамтылуының орташа деңгейі – 97%, магистратурада - 90%, докторантурада - 99%.

Бакалавр дәрежесін алғандардың шамамен 8%-ы өз білімін жалғастыруды шешкен.


Түлектер жұмысқа тұратын басым салалар - муфтият (ҚМДБ), дін істері басқармалары, Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеттері, сондай-ақ білім және ғылым салалары.

Төмендегі суретте 2004-2022 жылдар аралығында жұмыспен қамтылған түлектер саны көрсетілген.



4-сурет. Жұмыспен қамту көрсеткіштері (2004-2022 ж.).

Қазіргі таңда ЕИМУ Нұр-Мұбаракта 1800-ден астам студенттер білім алуда (1745 бакалавр, 84 магистр және 27 PhD докторант).



3А сурет. 2001-2020 жылдар аралығында студенттердің көбеюі

Университет талапкерлерді үш деңгей бойынша қабылдайды:

Бакалавриат

- 6B02201- Исламтану
- 6B02202- Дінтану
- 6B02203- Теология
- 6B02301- Шетел филологиясы
- 6B02306- Аударма ісі

Магистратура:

- 7M02201-Исламтану
- 7M02202- Дінтану


Phd докторантура:

- 8D02201-Исламтану
- 8D02202-Дінтану

Қашықтан оқыту бағыты:

-
- 6B02202- Дінтану
- 6B02203-Теология

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінде оқыту: қазақ, араб, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі. Мұсылман әлемінің мемлекеттерімен академиялық ынтымақтастықты нығайту мақсатында жыл сайын мұғалімдер ұжымы шетелдік оқытушылармен толықтырылады. Оқытушылардың 19% шетелдік оқытушылардан тұрады. Университеттегі ОПК саны:



4-сурет. Пайыздық көрсеткіштегі ОПК саны

2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР

2.1. Стратегиялық мақсаттар және міндеттері.

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті жаңа жетістікерге жету мақсатында дамуын жалғастырады. Соның ішінде 2026 жылға қарай студенттер санын 2700-ге жеткізуді көздейді. Бұл іс жолға қойылып талапкерлерді университетімізге тартуда жемісті жұмыс атқарылуда.

Қолдағы бар стратегиялық жоспардың аяқталуынан бұрын бұл құжатты әзірлеудегі басты мақсат - әлемдік деңгейдегі мықты жоғары оқу орнын құру және осы күнге дейін қалыптасу мен даму жолында жинақталған тәжірибені молайту.

Студенттердің қабілеттерін дамыту мен шығармашылық мүмкіндіктерін жүзеге асыруын қолдау үшін оқыту мен іргелі және қолданбалы зерттеулерді байланысын арттырамыз және әрмен қарай үзілместен жүзеге асуы үшін коммерциализациялауды қолға аламыз. Бұл айтылған трансформация болашақта университеттің көрінісін сомдайтын қалыптастырушы негізгі мән-мағынаға айналады.

Қойылған мақсатқа жету үшін келесі міндеттер бекітілді:

№	Міндеттер	Әрекеттер
1	Жақын және алыс шет елдерден талантты студенттер мен оқытушылар құрамын тарту үшін рекрутинг бағдарламасын жасақтау.	Жүзеге асыру үшін интернационалдандыру комитеті мен өкілдік кеңселерін құру.
2	5 жыл ішінде шетелдік студенттердің үлесін студенттердің жалпы санынан 10% дейін арттыру туралы ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының бірыңғай каталогындағы университеттің позициясын нығайту. Сондай-ақ өкілдіктерді жұмыспен қамту.
3	Отандық және шетелдік жетекші университеттер және зерттеу орталықтарымен ғылыми ынтымақтастықты дамыту.	Симпозиум, кластерлер ұйымдастыру. Республикалық және халықаралық деңгейдегі конференцияларға қатысу
4	Халықаралық қатынастарды кеңейту, шетелдік серіктестермен тәжірибе алмасу бойынша жұмысты жалғастыру және студенттер мен профессорлар алмасуын жүзеге асыруды жалғастыру.	Шетелден профессорлық-оқытушылық құрам шақырту. Бұл мақсатты орындау үшін серіктестермен жыл сайынғы кездесулерді ұйымдастыру.

2-кесте. Жаңа стратегияның міндеттері

2.2. Университет көрінісі мен стратегиялық мақсаттары

2026 жылдағы университет көрінісі

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті 2026 жылы – бұл Орталық Азиядағы діни білімнің көшбасшысы.

Нұр-Мұбарак «Исламтану» бағыты бойынша қашықтан оқыту және онлайн білім жетілдіру курстары арқылы арнайы бағдарламаларды әзірлеуді жоспарлап отыр.

Бүгінде университет: Ақтөбе, Бақанас, Талғар, Шымкент қалаларында орналасқан дайындық курстарында талапкерлерді оқытып отыр.

Дін қызметкерлерін және дін саласындағы мамандарды даярлау процесі бүгінде басталып кеткен, алайда болашақта осы бағытта жұмыс жасау онлайн және оффлайн форматында қарқынды жүреді деп жоспарлануда.

Сондай-ақ, университетте барлық төрт бағытқа психологиялық және әлеуметтану бағдарламалары қосылады. Бұған қоса студенттердің бойына өмірге қажетті дағдыларды сіңіру мақсатында, тігін, IT саласы бойынша, веб-дизайн, психологиялық тренингтер, және т.б курстар оқытылады.

Болашақта Нұр-Мұбарак университеті еліміздің және орта азиялық мемлекеттерінің бұқаралық ақпарат құралдарында ұлтжандылық, діни рационализм, бірге бейбіт өмір кешу ұғымдарын кеңінен насихаттауды көздеп отыр. Оған қоса, университет ел арасында қазақ тіліне, ұлтына деген жанашырлығын қалыптастыруға сүбелі үлесін қосу ниетті, сондай-ақ адамдарды қоғамдық тәртіп мәселелері бойынша біріктіру және этникалық және діни плюрализм шеңберінде біртұтас қоғам құру.

Университет өзінің инфрақұрылымын біртіндеп кеңейтуде, жаңа сынып бөлмелері құрылуда, инфрақұрылым нысандары жаңартылуда. Атап айтқанда, оқу процесінің цифрлануын ескере отырып, аудитория мен сынып жабдықтары жаңартылды; Smart Class ашылды. Сондай-ақ мәжіліс залы, акт залы, жаттығу залы және Meeting залы құрылды. Сонымен қатар студенттерге қызмет көрсету орталығы ашылды.

2021 жылы 36 мың шаршы метрді құрайтын, 9 қабаттан тұратын, шамамен 2 мың оқушыны қамтитын жаңа оқу ғимаратының құрылысын бастау жоспарлануда.

2026 жылға қарай университет шетелдік студенттерді ақылы оқуға тарту арқылы әртараптандыруды және қаржылық кірістерді көбейтуді; студенттерді шетелдік серіктес жоғары оқу орындарында оқытуды; ресурстарды тиімді пайдалану үшін университеттің аймақтық желісін кеңейтуді; студенттер мен оқытушылардың халықаралық білім алмасу үдерісіне қатыстыру арқылы білім мен зерттеу сапасын арттыруды жоспарлап отыр.

Студенттерге білім алуға қолайлы жағдай жасай отыра Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті тек бұнымен шектелмей, төмендегідей стратегиялық мақсаттар қоюда:

Мақсат	Негіздеу	Шаралар жоспары
<p>Стратегиялық мақсат 1: Жоғары сапалы білім беру</p>	<p>Ішкі және халықаралық еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, сыни көзқарасы қалыптасқан және жоғары білікті мамандарды даярлау;</p>	<p>✓ Қашықтан білім беру бағдарламалары аясын кеңейту; ✓ Білім беру бағдарламаларын әртараптандыру, білім беру үдерісін цифрландыру арқылы студенттердің қанағаттанушылық деңгейін арттыру; ✓ Білім беру үдерісіне бейресми көзқарас және олардың қажеттіліктерін ескере отырып студенттерге қосымша курстар ұйымдастыру; ✓ Жоғары кәсіби деңгейге ие, заманауи дизайн мен ақпараттық технологияларды, сондай-ақ интерактивті әдістерді жетік</p>

		білетін оқытушылар құрамын қалыптастыру; ✓ Түлектердің кәсіби дайындығының сапасына жұмыс берушілердің қанағаттану деңгейін арттыру.
Стратегиялық мақсат 2: Студенттерге арналған кешенді әлеуметтік жүйені құру	Болашақ маманды жан-жақты дамыған, рухани-адамгершілік құндылықтары мен жоғары азаматтық белсенділігі бар тұлға ретінде қалыптастыру; Еліміздегі белсенді оқырмандар элитасын құра отырып, жастар арасында оқу дағдыларын қалыптастыру.	✓ Студенттерді рухани және азаматтық-патриоттық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған қоғамдық жұмыстарға тарту; ✓ Студенттердің зияткерлік әлеуетін ашу және жеке дамуын қалыптастыру бойынша іс-шаралар ұйымдастыру; ✓ Студенттік коалиция құру және Қазақстан студенттер лигасында позицияларды нығайту. ✓ Speaking club, үйірмелер мен пікірсайыс алаңдарын ұйымдастыру арқылы сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастыру.
Стратегиялық мақсаттар 3: Ғылыми зерттеулердің бәсекеге қабілеттілігін және университеттің халықаралық академиялық кеңістікке енуін арттыру	Іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу, Дәйексөздер индексін көтеру	✓ Жетекші отандық және шетелдік зерттеу орталықтарымен ғылыми ынтымақтастықты дамыту; ✓ Зерттеу нәтижелерін оқу үдерісіне енгізу; ✓ Жоғары рейтингі бар ғылыми журналдардағы мақалалар санын арттыру; ✓ Халықаралық конференциялар, өзекті тақырыптарға арналған форумдардың дөңгелек үстелдерін ұйымдастыру және өткізу.
Стратегиялық мақсат 4: Білім беру процесін интернационалдандыру және халықаралық қатынастарды дамыту	Еуразия кеңістігінде жетекші ислам университеті деңгейіне дейін көтерілу; Халықаралық студенттер мен оқытушылар индексін жоғарылату.	✓ Шетелдік жоғары оқу орындарымен қос дипломды білім беруді жүзеге асыру; ✓ Бірлескен білім беру бағдарламаларын шетелдік университеттермен іске асыру; ✓ Студенттер мен оқытушылар құрамының халықаралық алмасу бағдарламаларына қатысуын

		арттыру; ✓ Шетел азаматтарының оқуға түсуін арттыру.
Стратегиялық мақсат 5: Инфрақұрылым мен электрондық ресурстарды дамыту		✓ Жаңа оқу корпусы мен жатақхана салу; ✓ Университетті сапалы білім беру және ғылыми зерттеулер жүргізу үшін қажетті технологиямен жабдықтау; ✓ Мультимедиялық кешендері бар оқу кабинеттерін цифрландыру;

3-кесте. Стратегиялық мақсаттар және олардың негіздемесі.

3. БОЛАШАҚ УНИВЕРСИТЕТ

3.1. Қойылған мақсаттарға жету жолдары

Стратегиялық мақсаттар 1 және 2. Ішкі және халықаралық еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, сыни тұрғыдан ойлайтын және жоғары білікті мамандарды даярлау мен қалыптастыру мақсатында келесі шаралар қабылданады:

Қашықтан оқытудың синхронды немесе асинхронды оқыту, онлайн немесе оффлайн режиміндегі оқыту және басқа балама форматтар сияқты аралас модельдерін әзірлеу бойынша жұмыс жүргізілетін болады.

- Оқытудың жаңа әдістемесін енгізу мәселесі пысықталады: Blended learning, ауыспалы сабақ, онлайн курс, аралас курс (белсенді емес), аралас курс (интерактивті), интерактивті онлайн-курс.
- Зейінді тәжірибеге және ұлтаралық келісімге қоя отырып пәндерді оқыту бағдарламаларының мазмұны жаңартылады;
- Жоғары сапалы интерактивті білім беру мазмұнын қалыптастыру және оны видео және мультимедиялық ресурстарды пайдалану арқылы жақсарту, мазмұнды визуалдау, видео дәрістер, студенттердің білімін интерактивті бағалау бойынша жұмыс жалғасады.
- Оқу бағдарламасын құрудың модульдік жүйесі қолданылады, ол теориялық кезеңдегі тәжірибенің барлық түрлерін біріктіреді. Студенттердің кәсіби практикасы дәстүрлі форматта да, қашықтықтан оқыту практикасында да ұйымдастырылатын болады, мұнда студенттер мұғалімнің сандық көмекшісі болады.
- Ішкі сапа кепілдігі жүйесінің жұмысын бақылау бойынша жұмыстар жалғасады (сұхбаттар, сауалнамалар жүргізу, студенттермен кері байланыс орнату, сандық іздерді талдау және т.б.).
- Берілетін дипломдардың өзіндік жаңа моделі жасалады.
- Түлектерді дайындау сапасына қанағаттанушылықты бағалау жүзеге асырылады.
- «MOODLE» ақпараттық жүйесінде қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыруды автоматтандыратын модульдер жетілдіріледі; әр студентке онлайн-курстарға қол жетімділікті қамтамасыз ету үшін университетті «Open university» платформасына қосу бойынша жұмыс жүргізіледі.

Университеттің студенттері мен оқытушылар құрамына психологиялық қолдау жүзеге асырылады.

Стратегиялық мақсаттар 3 және 4. Әлемдік білім кеңістігіне ену және ғылымды дамыту үшін университеттің интернационалдандыру стратегиясы кеңейтіледі, академиялық ұтқырлық және шетелдік студенттерді тарту бағдарламалары күшейтіледі:

- Университетті интернационализациялау стратегиясы іске асырылады, оның ішінде оқыту үшін қолайлы жағдайлар жасалады (инфрақұрылым, әлеуметтік пакет, гранттар, стипендиялар және т.б.), шетелдік студенттің оқу кезеңінде болуын ұйымдастыру жүйесі, ақпараттың механизмдері, оқу бітіргеннен кейін жұмысқа орналасу.
- Университетті шетелдік студенттерге білім беру қызметін көрсететін қазақстандық жоғары оқу орындарының тізіліміне енгізу қолға алынады.
- Шетелдік студенттердің консультация алуына арналған «Education in Kazakhstan» бірыңғай веб-сайтына негізделген онлайн-порталмен жұмыс істеу бойынша іс-шаралар өткізілетін болады.
- Шетелдік оқытушылар мен шетелдік студенттерді тарту бойынша жұмыс жалғасады.
- Университеттің студенттері мен профессорлық-оқытушылық құрамының қос дипломды бағдарламаларын, сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлығын дамыту жоспарлануда.

Стратегиялық мақсат 5.

- 2000 студентке жуық сыйымдылығы бар көлемі 36 мың шаршы метр, 9 қабатты ғимараттың құрылысы басталып жатыр.
- Университеттің инфрақұрылымын дамыту жұмыстары жалғасады.
- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге жағдай жасау (арнайы құрал-жабдықтармен, жиһаздармен, оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен, пандустармен, лифттермен және т.б.) жабдықтау бойынша жұмыстар жүргізілетін болады.
- Нақты уақыт пен нақты негіздермен университет студенттеріне жатақханаға орналасуға өтініштерін, сондай-ақ жатақханадағы орындардың жалпы саны, бос орындар саны, ұсынылған және мақұлданған өтініштер саны туралы мәліметтерді бақылау мүмкіндігі беріледі.
- Университетте Telegram Bot сынды интернет ресурстар мен әлеуметтік желі аккаунтары кеңінен қолданыста. Алдағы уақытта «NMU Hub» деп аталатын веб-хаб іске қосылатын болады.
- Жуырда бітіруші студенттерге арналған арнайы сайт, телеграм әлеуметтік желісінде канал ашылып, сонымен қатар Нұр-Мұбарак университетінің «Түлектер қауымдастығы» құрылды. Бұндағы мақсат – бітіруші түлектерге жұмыспен қамтуға, олардың әлеуметтік жағдайларын жақсартуға жәрдем беру, өзара ықпалдасу арқылы кері байланыс орнату.

3.2. Стратегияны іске асырудан күтілетін нәтижелері

Стратегиялық даму жоспарын іске асыру оқыту, жобалау жұмыстары мен зерттеу жобаларының деңгейін арттырады. Нұр-Мұбарак ЕУИК діни және ғылыми-зерттеу рухани орталығы ретінде діни экстремизмге қарсы күрес бойынша жоғары білікті

тәжірибеге бағытталған мамандардың базасына, сондай-ақ басқалармен іскерлік қарым-қатынас орнатуға және жоғары ғылыми-рухани әлеуетті көрсетуге қабілетті кәсіби кадрларды даярлауға барынша үлес қосады.

Стратегиялық даму жоспарын іске асырудың соңына қарай Нұр-Мұбарак ЕУИК республиканың бірқатар жетекші жоғары оқу орындарын толықтырады және әлемнің үздік зерттеу университеттерінің жоғары деңгейіне сәйкес келетін жетекші білім беру және ғылыми-зерттеу діни мекемесі ретінде халықаралық мойындауға ие болады.

Стратегияны жылдар бойынша бөле отырып іске асыру асырудың индикативтік көрсеткіштері туралы ақпарат 4-бөлімде келтірілген.

4. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ ИНДИКАТОРЛАРЫ

№ п/п	Нысаналы индикаторлар	Өлшем бірлігі	Жоспарлы кезеңде				
			2022	2023	2024	2025	2026
1 Мақсат : Жоғары сапалы білім беру							
1.	Стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға сәйкестендіріп практикаға бағытталуын күшейту және құзыреттіліктерді ескеру арқылы пәндердің оқу бағдарламаларының мазмұнын жаңарту	%	10	15	20	25	30
2.	QS рейтингіне қатысу	саны	0	0	0	0	1
3.	БББ-ларының ұлттық рейтингтегі дәрежесі	орын	1	1	1	1	1
4.	Жаңа білім беру бағдарламаларын ашу	саны	2	2	2	2	2
5.	Талапкерлер санын арттыру	саны	700	800	900	1000	1100
6.	Білім алушылар контингент санын арттыру	саны	1500	1800	2100	2400	2700
7.	«Major and Minor» қағидаттары негізінде практикаға бағытталған білім беру бағдарламаларын жасау	саны	1	1	1	1	1
8.	Ашық - онлайн курстар	саны	1	1	3	3	3
9.	Оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар дайындау	саны	10	10	10	10	10
10.	«ЖОО Үздік оқытушысы» грантының жеңімпазы	саны	1	1	1	1	2

11.	Университеттің дайындық курстары	саны	1	1	1	1	1
12.	Университет филиалы, мектебі не колледжін ашу	саны	0	0	0	1	1
13.	Коммерциялық негізде кәсіби сертификациялау қызметтерін көрсету	саны	2	3	3	3	3
14.	ЖОО қызметкерлеріне арналған құзыреттіліктерді дамыту бойынша біліктілік курстары	саны	2	2	2	2	2
15.	Құран жаттау (тахфиз, ижэзэ және қырағат) орталығын ашу	саны	0	0	1	0	0
16.	Онлайн білім беру платформасын дамыту	%	20	20	20	20	20

2 Мақсат: Студенттерге арналған кешенді әлеуметтік жүйені құру

1.	Мүмкіндігі шектеулі және жетім студенттерге әлеуметтік қолдау	%	100	100	100	100	100
2.	Жастарға әлеуметтік-саяси, рухани-тәрбиелік маңызы бар жобаларды іске асыру	саны	5	10	10	10	10
3.	Клуб пен үйірмелердің санын арттыру	саны	3	3	3	3	3
4.	Студенттік кеңестер, іс-шаралар, кездесулер, дөңгелек үстелдер мен конференциялар өткізу	саны	10	15	20	20	20
5.	Білім алушылар арасында деструктивті іс-әрекеттер мен аутодеструктивті мінез-құлықтардың алдын алу бойынша шаралар өткізу (дәрістер, семинарлар, дөңгелек үстелдер, флешмобтар, кездесулер, кеңестер және т.б.)	саны	10	10	10	15	15

3 Мақсат: Ғылыми зерттеулердің бәсекеге қабілеттігін және университеттің халықаралық академиялық кеңістікке енуін арттыру

1.	Мақалаларды халықаралық рейтингтік ғылыми журналдарға жариялау (Thomson Reuters, Scopus,	саны	10	12	14	16	18
----	--	-------------	----	----	----	----	----

	Elsevier) (импакт-факторы 0-ден жоғары)						
2.	Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары білім министрлігі ұсынған тізім бойынша ғылыми журналдарға, жинақтарға және шетелдік басылымдарға жарияланымдарды шығару	саны	40	50	60	70	80
3.	Монография	саны	5	6	7	8	9
4.	Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары білім министрлігінің және басқа да республикалық мекемелердің ғылыми жобаларына қатысу	саны	2	2	2	2	2
5.	Университет негізінде қаржыландыратын іргелі және қолданбалы ғылыми-зерттеу жобалары	саны	2	3	4	5	6
6.	Университетте халықаралық және республикалық конференциялар, форумдар және дөңгелек үстелдер өткізу	саны	5	5	5	5	5
7.	Халықаралық және республикалық ғылыми симпозиумдарға, конференцияларға қатысу	саны	15	15	17	19	20
8.	Білім алушылар арасындағы халықаралық және республикалық ғылыми жарыстарда, шығармашылық байқауларға, олимпиадаларға қатысушылар мен жеңімпаздардың үлесін арттыру	%	2	3	4	5	5
9.	Ислам экономикасы орталығын құру	саны	0	0	1	0	0

4 Мақсат : Білім беру процесін интернационалдандыру және халықаралық қатынастарды дамыту

1.	Негізгі бағыттар мен білім беру бағдарламалары бойынша ынтымақтастық туралы жасалған келісімдерді оңтайландырып, жаңа	саны	5	10	12	15	18
----	---	-------------	---	----	----	----	----

	келісімдер жасау						
2.	Қос дипломды білім беру бағдарламаларын енгізу	саны	0	1	1	1	1
3.	Шетелдік ғалымдарды қонақ дәрісіне тарту	саны	2	5	8	10	15
4.	Шетелден шақырылған оқытушылар үлесі	%	15	15	15	15	15
5.	Университетте тұрақты білім алатын шетелдік студенттер үлесі	%	2	2	10	10	10
6.	Академиялық ұтқырлық аясында білім алған білімгерлер саны	саны	20	30	40	50	60
7.	Ішкі академиялық ұтқырлық бойынша студенттерді оқуға қабылдау	саны	2	5	8	10	15
8.	Шетел университеттеріне барып дәріс беріп қайтқан немесе ғылыми жұмыстармен айналысқан ОПҚ саны	саны	2	5	8	10	15

5 Мақсат: Университеттің материалды техникалық базаның сапасын арттыру және инфрақұрылымды дамыту							
1.	Университеттің жаңа оқу ғимараты мен жатақхана құрылысын тәмамдау	%	15	30	50	70	100
2.	Инфрақұрылымды цифрландыру және ІТ жобаларды жүзеге асыру	%	60	70	80	90	100
3.	Электрондық кітапхана қорын арттыру	%	20	20	20	20	20
4.	ІТ-технологияны жаңарту (компьютер, принтер, проектор)	%	25	50	75	100	100
5.	Оқу корпустары мен жатақханада Интернетке сымсыз қолжетімділікті қамтамасыз ету	%	100	100	100	100	100
6.	Университет ресми сайты пен әлеуметтік парақшалардың қаралымын арттыру	%	20	20	20	20	20